Әділет

# Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) ауыр (ерекше ауыр), қауіпті (ерекше қауіпті) жұмыстарда істеген адамдарға жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысына және жұмыс уақытының ұзақтығын қысқартуға құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен қызметтердің Тізімін (Тізбесін) қолдану жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 19 шілдедегі N 175-ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 90-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 20 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1855. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылғы 31 шілдедегі N 182-Ө Бұйрығымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007.07.31.* N 182-Ө *(қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін* 5-тармақтан *қараңыз) Бұйрығымен.*

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) ауыр (ерекше ауыр), қауіпті (ерекше қауіпті) жұмыстарда істеген адамдарға жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысына және жұмыс уақытының ұзақтығын қысқартуға құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен қызметтердің Тізімін (бұдан әрі - Тізім) қолдану жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 19 шілдедегі N 175-ө V001211_ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 бөлімде. Тау-кен жұмыстары:

1-тармақтың 1)-тармақшасындағы "Қосымша демалыстың ұзақтығы (календарлық күн)" 1 бағандағы "18" саны "24" санымен ауыстырылсын;

33-тармақта "Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" деген бағандағы "Ұңғышы" деген сөздің алдынан "Дозатордан скиптерді тиеумен айналысатын" деген сөздермен толықтырылсын.

4-бөлімде. Металлургиялық өндіріс:

1000-тармақта "Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" бағанында "Балқыту-рафинирлеу" деген сөздер "Балқыту, рафинирлеу" деген сөздермен ауыстырылсын.

9-бөлімде. Мұнай және газ өнеркәсібі:

99-тармақта "Қосымша демалыстың ұзақтығы (календарлық күн)" бағанында "12" саны қойылсын.

10 бөлімде. Химиялық өндірістер:

364-тармақта "Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" бағанында "құрау" деген сөз "қалыптау" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Кинофотопленка" (кинофотопленка, өндірістік-техникалық мақсаттағы пленка, фотоқағаз, ядролық сынақтарға арналған фотопластинкалар мен фотоматериалдар өндіру) тарауы атауындағы "сынақтарға" деген сөз "зерттеулерге" деген сөзбен ауыстырылсын.

12 бөлімде. Металл өңдеу:

120-тармақтың 3) тармақшасында "Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" бағанындағы "суық қондырғыларды" деген сөздер "тоңазытқыш қондырғыларды" деген сөздермен ауыстырылсын.

16 бөлімде. Авиациялық және қорғаныс өнеркәсібі:

136-тармақта "Қосымша демалыстың ұзақтығы (календарлық күн)" бағанындағы "2" саны "12" санымен ауыстырылсын;

145-тармақта "Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" бағанындағы төртінші бөліктегі "2)" саны "4)" санымен ауыстырылсын.

22 бөлімде. Құрылыс материалдары өндірісі:

64-тармақтың 2) тармақшасында "Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" бағанындағы "сұйық отынмен" деген сөздерден кейін "және газбен" деген сөздермен толықтырылсын.

25 бөлімде. Құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстары:

13-тармақта "Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" бағанындағы "Гуммиршіне қышқыл тосқауылдаушы" деген сөздер "Гуммирші жұмыстарындағы қышқыл тосқауылдаушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" бағанындағы 45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"кессондағы жұмыс жанындағы шебер және ауысым инженерлік-техникалық қызметкерлер".

34 бөлімде. Байланыс:

"Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" бағанындағы 10-тармақтағы "Ұзындығы 10 метрден артық, яғни 30 мегагерц (мГц) радиотолқын диапазонында істейтін" деген сөздер алынып тасталсын.

36 бөлімде. Көлік:

197-тармақ мазмұны мынадай 197-1-тармақпен толықтырылсын:

"197-1 Әуежай, әуе тораптары аймақтарында, аэроалаң-диспетчерлік, аудандық, қосалқы орталықтары мен олардың

| | | |
|---|---|---|
| қозғалысты тікелей басқаратын қызметкерлер (нұсқаушы-диспетчерлер, аға диспетчерлер, ұшу жетекшілері) | секторларында, қозғалысы аса қарқынды және күрделі жергілікті диспетчерлік пункттерде әуедегі 33 | аптасына 36 сағат"; |

206-тармақта "200" саны "205" санымен ауыстырылсын.

37 бөлімде. Мәдениет кәсіпорындары, ұйымдары және мекемелері:

32-тармақ мазмұны мынадай 3) тармақшамен толықтырылсын:

"кинопленканы желімдеумен, қайта ораумен және оны басып шығаруға дайындаумен";

33-тармақ алынып тасталсын.

39 бөлімде. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және халыққа тұрмыстық қызмет көрсету:

"Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" бағанындағы 71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "бұйымдардың май тиген және ластанған жерлерін ерітінділер қоспасымен қолмен тазалайтын дақтарды тазалаушы (ерітінділермен тазалаушы)".

41 бөлімде. Денсаулық сақтау:

тауарлардың атауындағы және барлық мәтін бойынша "мекемелер" деген сөз "ұйымдар" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Қосымша демалыстың ұзақтығы (календарлық күн)" бағанындағы 10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: "6";

"Қысқартылған жұмыс күнінің ұзақтығы (сағат)" бағанындағы "6" алынып тасталсын;

"Қосымша демалыстың ұзақтығы (календарлық күн)" бағанының 13-тармағындағы "6" саны "12" санымен ауыстырылсын;

"Психиатриялық (психиатриялық жүйке аурулары), нейрохирургиялық емдеу-алдын алу мекемелері, бөлімдері, палаталары мен кабинеттері (оның ішінде нашақорлық және созылмалы алкоголизммен зардап шегетін ауруларды емдейтін), психикалық аурумен ауыратын мүгедектердің үйі (бөлімшелері)" деген тараудың атауы "медициналық-әлеуметтік оңалту орталықтары" деген сөздермен толықтырылсын;

25, 44-тармақтарда "(нормаланбаған жұмыс күнімен істейтін)" деген сөздер алынып тасталсын;

"Қосымша демалыстың ұзақтығы (календарлық күн)" бағанының 35, 36-тармақтардағы "6" саны "12" санымен ауыстырылсын;

44-бап мынадай мазмұндағы 44-1, 44-2 тармақтарымен толықтырылсын:

"44-1 Кәрі адамдар мен мүгедектердің

жалпы типтегі үйлерінің, белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтарының басшылары мен олардың орынбасарлары 12

44-2 "Ақыл-ойы кеміс және дене кемістігі бар балаларға арналған интернат-үйлерінің басшылары (директор), басшыларының орынбасарлары (директор орынбасарлары)", "Қосымша демалыстың ұзақтығы (календарлық күн) 36 -";

"Қысқартылған жұмыс күнінің ұзақтығы (сағат)" бағандағы 58-тармақтағы "6" саны "аптасына 25 сағат" деген сөздермен ауыстырылсын;

62-тармақта:

"Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" бағанындағы "Қуаты 200 ватқа және УҚЖ" деген сөздер "Қуаты 200 ватқа дейін және одан да жоғары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қысқартылған жұмыс күнінің ұзақтығы (сағат)" бағанындағы "6" саны "18" санымен ауыстырылсын;

"Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" бағанында 85-тармақта " Тіс технигі" деген сөздер алынып тасталсын;

88, 89, 90-тармақтар алынып тасталсын;

"Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" бағанында 94-тармақта " Астана мен Алматының" деген сөздер "Астана мен Алматы қалаларының" деген сөздермен толықтырылсын;

95-тармақта "Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" бағаны мынадай редакцияда жазылсын: "Медициналық жедел және шұғыл жәрдем көрсету жөніндегі жол жүріп бару бригадаларының орта және кіші медициналық персоналы";

136-тармақта "Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" бағанында " 5, 6 топтағы", "1 санаттағы" деген сөздер санымен алынып тасталсын;

"Қосымша демалыстың ұзақтығы (календарлық күн)" бағандағы "6" саны "12 " санымен ауыстырылсын;

137а-тармақта "Қосымша демалыстың ұзақтығы (календарлық күн)" бағандағы "6" саны "12" санымен ауыстырылсын;

"Созылмалы алкоголизммен және нашақорлықпен зардап шегетіндерді мәжбүрлеп емдеуге арналған емдеу-еңбекпен түзеу профилакторийлері" тарауының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Алкоголизммен, нашақорлықпен және токсикоманиямен ауыратын

адамдарды мәжбүрлеп емдеуге арналған мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелері (МЕАМ), бөлімшелер (палаталар)";

"Қосымша демалыстың ұзақтығы (календарлық күн)" бағандағы 154-тармақтағы "6" саны "12" санымен ауыстырылсын;

175-бап алынып тасталсын;

176-бап мазмұны мынадай 176-1, 176-2-тармақтарымен толықтырылсын:

"176-1 Ми қан айналымы бұзылған ауруларға арналған неврологиялық бөлімшелерде жұмыс істейтін дәрігер: 1) жұмыс күнінің жартысынан кемінде жартысынан ауырып жатқан адамдарға тікелей қызмет көрсету кезінде; 18

2) аталған жұмыстарда жұмыс күнінің кемінде жартысынан тікелей аталған жұмыстарды өткізген кезінде ауырып жатқан - адамдарға қызмет көрсету уақытына тепе-тең

176-2 Ми қан айналымы бұзылған ауруларға арналған неврологиялық бөлімшелерде жұмыс істейтін кіші және орта медициналық персонал 18 -";

185-тармақта "Өндірістердің, цехтар мен лауазымдардың атауы" бағаны мынадай редакцияда жазылсын: "Кәрі адамдар мен мүгедектердің жалпы типтегі үйлерінің, гериатриялық ауруханалардың (бөлімшелердің, кабинеттердің), бикелік күтім үйлерінің, белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтарының дәрігері мен орта медициналық персоналы".

42 бөлімде. Радиоактивті заттармен және иондаушы сәуле көздерімен жұмыс істеу:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12 Рентген, флюрография кабинеттері мен қондырғылардың санитары: 1) дәрігер рентгенмен диагностикалау, флюрография, рентгенотерапевтикалық қондырғыда бақылап тұру жұмыстарын орындау кезінде жұмыс күнінің кемінде жартысында дәрігерге тікелей көмек көрсеткенде 18

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 2) жұмыс уақытының кемінде жартысын аталған жұмыстарда тікелей жұмыс істеу кезінде | | дәрігерге көмек көрсету уақытына тепе-тең -"; |

15-тармақ алынып тасталсын.

43 бөлімде. Зертханалар, ғылыми-зерттеу зертханалары, институттары, мекемелері мен ұйымдары, оқу орындарының зертханалары:

2а-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| "2-1 | Өсімдіктерге улы химикаттар себумен және бүркумен айналысатын және автомашиналарда себумен және бүркумен айналысатын, сондай-ақ улы заттарды дайындаумен және кемірушілерге қарсы учаскелерді өңдеумен тікелей және тұрақты айналысатын зертхана қызметкерлері | 12 | 6". |

Бөлімге ескерту алынып тасталсын.

44-бөлімде. Экономиканың барлық саласының жалпы мамандықтары:

180-тармақ мынадай мазмұндағы 180-1-тармақпен толықтырылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| "180-1 | 800 МГц бастап жоғары жиілік ауқымындағы қуаты 100 ватт және одан да жоғары сәулелендіру антенналы жүйесі бар желісі емес локациялы УЖЖ аппаратураларды реттеумен, баптаумен, сынаумен және қызмет көрсетумен тікелей айналысатын қызметкерлер | 12 | -". |

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап, ал бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарға қатысты 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК